

Магистранттар мен докторанттар педагогика мен психология саласында өзекті тақырыптар бойынша зерттеу жүргізіп, ғылыми жаңалықтар енгізуге бағытталады. Бұл бағытта кафедрада ғылыми жобалар, халықаралық конференциялар мен семинарлар белсенді түрде өткізіледі.

4. Құндылықтық бағдар.

Болашақ педагог-психологтар кәсіби этикаға, гуманистік көзқарасқа, жас ұрпақтың психикалық саулығын қорғауға бағытталған әлеуметтік жауапкершілікке тәрбиеленеді.

Бакалавриат бағдарламасының мақсаты – студенттерге педагогика мен психологияның негізгі заңдылықтарын меңгерту, кәсіби құзыреттерді қалыптастыру. Оқу барысында студенттер:

- психологиялық диагностика әдістерін;
- жас ерекшелік психологиясын;
- педагогикалық процесті психологиялық қолдауды ұйымдастыру жолдарын меңгереді.

Сонымен қатар, оқу жоспарына кәсіби практика мен дипломдық зерттеу жұмысы кіреді. Бұл кезеңде студенттер педагогикалық үдерісте психологиялық қызметті жүзеге асырудың бастапқы дағдыларын игереді.

Магистратура бағдарламасы тереңдетілген кәсіби білім беруді және ғылыми-әдістемелік даярлықты көздейді. Магистранттар келесі құзыреттерді дамытады:

- ғылыми-зерттеу әдістемесін игеру;
- білім беру жүйесіндегі инновациялық психологиялық технологияларды қолдану;
- тұлғааралық қарым-қатынастарды ғылыми негізде зерттеу.

Магистранттардың диссертациялық зерттеулері көбіне мектеп жасындағы балалардың психикалық дамуы, жасөспірімдер арасындағы психосоматикалық бұзылыстардың алдын алу, отбасылық тәрбиенің психологиялық аспектілері және т.б. өзекті тақырыптарға арналады.

Докторантура – жоғары оқу орнындағы білім берудің ең жоғарғы сатысы, ғылыми кадрларды даярлауға бағытталған. Докторанттар педагогика және психология ғылымдарының дамуына үлес қосатын іргелі зерттеулер жүргізеді. Бұл деңгейде:

- психологиялық қызметтің теориялық және әдіснамалық негіздері;
- білім беру жүйесіндегі психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- педагогикалық инновациялар мен психологиялық қолдау стратегиялары терең зерттеледі.

Докторлық диссертациялар білім беру жүйесінің жаңа талаптарына сәйкес келетін ғылыми жаңалықтар ұсынады және практикалық нәтижелерге бағытталады.

Е.А. Бөкетов атындағы университетінің «Мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық» кафедрасында жүзеге асырылатын «Педагогика және психология» бағдарламасы білім беру жүйесіне жоғары білікті мамандарды даярлаудың сапалы үлгісін қалыптастырады. Үш деңгейлі (бакалавриат – магистратура – докторантура) даярлық моделі кәсіби құзыреттіліктің үздіксіз дамуын қамтамасыз етеді. Болашақ педагог-психологтардың ғылыми-теориялық дайындығы, практикалық дағдылары мен зерттеу құзыреттіліктері үйлесімді дамып, оларды заманауи білім беру кеңістігінің талаптарына сай кәсіби маман ретінде қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2019.
3. Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G25HP000031>
4. Сангилбаев О.С. Педагогикалық психология. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 256 б.
5. Бөкетов Е.А. атындағы Қарағанды университетінің ресми сайты. [Электрондық ресурс] – URL: <https://ksu.kz>

ӨОЖ 37.022

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕУ DAҒДЫЛАРЫН ДАМУДА ДИЗАЙН-ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Мұхаметжанова А.О., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Даян М., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Ғылым мен білім, ізденушілікпен зерттеу алға шығуы әлемдік дамудың айқын көріністерінің бірі. Білім беруді жаңғырту процесі мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруды, шығармашылықпен жұмыс істей алатын, ғылыми-ізденушілікке бейім мамандар даярлауды басты міндеттердің біріне айналдырды. Әсіресе бастауыш мектеп деңгейінде оқушылардың тұлғалық қалыптасуына ықпал ететін, жаңашылдыққа бейім, зерттеушілік мәдениеті қалыптасқан мұғалімдердің қажеттілігі артуда. Жалпы зерттеу дағдысы дегеніміз бұл зерттеу жүргізу барысында қажетті дағдыларды игеру мен дамыту процесі. Бұл дағдылар адамның ғылыми жұмыс жасауына, мәселені зерттеуге, деректерді жинауға, талдауға, нәтижелерді шығару мен қорытынды жасауға қабілеттілігін білдіреді. Ал зерттеу дағдыларын қалыптастыру — бұл адамның зерттеу жұмысына қажетті дағдыларын жүйелі түрде дамыту процесі.

Осы орайда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеу дағдыларын дамыту өзекті мәселе болып отыр. Зерттеушілік дағдылар – мұғалімнің кәсіби дамуының маңызды көрсеткіші. Олар деректерді талдау, мәселені анықтау, ғылыми сұрақ қою, болжам жасау, тәжірибе жүргізу, алынған нәтижелерді бағалау сияқты әрекеттерді қамтиды.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығында зерттеушілік қабілеттердің маңызы соңғы жылдары айтарлықтай артып келеді. Бұл кезеңде оқушылардың негізгі оқу дағдылары қалыптасатындықтан, мұғалімнің ойын жүйелі түрде ұйымдастырып, оқыту сапасын арттыра алатын кәсіби көзқарасы талап етіледі. Бұл тұрғыда зерттеушілік қабілеттер – мұғалімнің өзіндік тәжірибесін талдап, жаңашыл әдістер енгізуге мүмкіндік беретін маңызды фактор.

Бүгінгі таңда мұндай дағдыларды дамытуда инновациялық әдістердің бірі – дизайн-ойлау (design thinking) технологиясы болып табылады. Ол студенттерді шығармашылықпен ойлауға, проблеманы кешенді түрде талдауға, шешім қабылдауда жаңа жолдарды іздеуге үйретеді.

Стэнфорд университеті профессорлары «дизайн-оқытуды» жүзеге асырудағы артықшылықтары қандай болмақ, ол шығармашылық ойлауын қаншалықты дәрежеде жетілдіре алады деген сауалдарға дәлелдер арқылы жауап беріп, әдістің өзіндік артықшылықтарын саралап берді. «Дизайн-ойлау» әдісінің басты мақсаты – қоғамдағы түйткілді мәселелерді инновациялық және креативті тәсілдерді қолдана отырып анықтау және оны өмірде шешудің жолдарын ұсынып, ашылған жаңалықты қолдана білуге үйрету. Білім беру мен ғылым саласына енгелі белсенді іс-әрекет пен позитивті ойлануына, мәселені сыни тұрғысында бағалауды үйренуіне, шығармашылық дағдысын күшейтуге көмектесетіні дәлелденіп отыр. Қиын мәселелерді шығармашылық тұрғыдан және жаңа технологияларды қолдана отыра шешудің ең тиімді деген тұстарын қарастыру – «дизайн-ойлаудың» басты қағидаты. Шығармашылық идеяларды тудыруды және оны жүзеге асыру арқылы білім алушылар өздерінің білімдерін өмірмен байланыстыруына мүмкіндік алады[1].

Дизайн-ойлау дегеніміз - бұл шығармашылық және инновациялық мәселелерді шешуге бағытталған әдіснама. Бұл тәсіл пайдаланушылардың қажеттіліктерін терең түсіну арқылы жаңа идеялар мен шешімдер ұсынуды мақсат етеді. Дизайн-ойлау технологиясы көбінесе өнімдер мен қызметтердің жобасын жасау, сондай-ақ қиын мәселелерді шешу кезінде қолданылады.

Зерттеу дағдылары мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің ажырамас бөлігі ретінде:

- проблеманы анықтау және талдау;
- ғылыми сұрақтар қою;
- ақпарат жинау және талдау;
- болжамдар жасау және оларды тексеру;
- эксперимент, бақылау, сауалнама жүргізу;
- нәтижелерді интерпретациялау мен қорытынды шығару қабілеттерінен көрінеді.

Зерттеу дағдыларының қалыптасуы студенттің болашақ педагогикалық қызметінде оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға, оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға және ғылыми-ізденушілік мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Дизайн-ойлау – күрделі мәселелерді шешуде шығармашылық тәсілді қолдануға бағытталған инновациялық технология. Оның ерекшелігі – эмпатияға негізделуі, яғни басқа адамның қажеттілігін түсіну және соған сәйкес шешімдер табу[2].

Дизайн-ойлау кезеңдері:

1. Эмпатия – зерттелетін мәселені түсіну үшін бақылау, сұхбат, талдау жүргізу.
2. Мәселені анықтау – нақты зерттеу проблемасын айқындау.
3. Идея генерациясы – мәселенің түрлі шешім жолдарын іздеу.
4. Прототип құру – ұсынылған идеяларды тәжірибеде сынақтан өткізу.
5. Тестілеу – алынған шешімнің тиімділігін бағалау және жетілдіру.

Бұл кезеңдер зерттеу дағдыларымен табиғи түрде байланысып, студенттердің ғылыми ізденіс әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Дизайн-ойлаудың зерттеу дағдыларын дамытудағы артықшылықтары

1. Эмпатия кезеңінде студенттер оқу процесіндегі нақты мәселелерді көре біледі. Бұл зерттеу проблемасын дұрыс таңдауға көмектеседі.

2. Мәселені анықтау барысында зерттеу сұрақтары мен гипотезалар құруға үйренеді.

3. Идея генерациясы шығармашылық ойлау мен бірнеше шешім нұсқасын қарастыруды қамтамасыз етеді.

4. Прототип құру зерттеу құралдарын әзірлеу (сауалнама, бақылау парағы, тапсырмалар үлгісі) арқылы жүзеге асады.

5. Тестілеу кезеңі студенттердің зерттеу нәтижелерін талдап, қорытынды шығаруға машықтануына ықпал етеді.

Сонымен қатар дизайн-ойлау:

- студенттердің зерттеушілік белсенділігін арттырады;
- командалық жұмысты ұйымдастыруға үйретеді;
- сыни ойлау дағдыларын дамытады;
- жаңа педагогикалық шешімдерді табуға ықпал етеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған зертханалық-практикалық сабақтарда дизайн-ойлау технологиясын қолдану мынадай нәтижелер берді:

• Студенттер бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға қатысты мәселелерді анықтап, сол бойынша зерттеу сұрақтарын құрастырады.

- Топтық жұмыс барысында сауалнама және бақылау парақтарының прототипін әзірлейді.
- Жиналған деректерді талдап, алынған нәтижелерді сыныптағы оқыту тәжірибесіне енгізу жолдарын ұсынады.

Осылайша студенттер өздерінің кәсіби-практикалық қызметін ғылыми негізде жоспарлауға машықтанады. Дизайн-ойлауды қолдану нәтижесін бағалау үшін мынадай өлшемдер қолданылуы мүмкін:

- зерттеу проблемасын дұрыс анықтау деңгейі;
- зерттеу сұрақтарының нақтылығы;
- деректер жинау құралдарының сапасы;
- алынған нәтижелерді талдау мен интерпретациялау дәлдігі;
- шығармашылық ұсыныстардың жүзеге асырылуы.

Дизайн-ойлау технологиясы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеу дағдыларын дамытуда тиімді әдіс болып табылады. Ол студенттердің эмпатиясын арттырады, зерттеушілік ойлауын дамытады, проблемаларды шешуге шығармашылық тұрғыдан қарауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл технология зерттеу әрекетін тәжірибемен ұштастыруға, яғни болашақ мұғалімнің кәсіби қызметінде нақты нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал етеді. Дизайн-ойлау технологиясын пайдалану болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеу дағдыларын қалыптастыруда ең оңтайлы және тиімді болып табылады. Ол студенттердің ғылыми-ізденіс әрекетін жүйелі ұйымдастыруға, проблеманы терең түсініп, нақты зерттеу сұрақтарын құруға, деректер жинап талдауға және нәтижеге негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Дизайн-ойлау кезеңдері (эмпатия, мәселені анықтау, идея генерациясы, прототип, тестілеу) зерттеу дағдыларының негізгі компоненттерімен табиғи түрде ұштасып, болашақ мұғалімдердің сыни ойлауын, шығармашылық қабілетін және кәсіби құзыреттілігін арттырады.

Сонымен қатар, бұл технология студенттердің топтық жұмыс жасау мәдениетін қалыптастырады, практикалық тәжірибені ғылыми ізденіспен байланыстырады және бастауыш білім беру жүйесінде заманауи педагогикалық шешімдер табуға жол ашады.

Қорытындылай келе, дизайн-ойлау технологиясын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісінде кеңінен қолдану – олардың кәсіби дамуына, зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруға және білім беру сапасын арттыруға ықпал ететін тиімді әдіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Рахметова Р.С., «Дизайн-ойлау» әдісі арқылы оқушылардың шығармашылық ойлауын жетілдіру. «ОҚМПУ хабаршысы – вестник ЮКППУ», no 2(28), 2021ж.
2. Том К., Дэвид К. (2015). Креативная уверенность. Как высвободить и реализовать свои творческие силы / пер.с англ. Т.Землянкой /. –М.: Азбука Бизнес, Азбука –Аттикус. –288с.
3. Dam R.F. The 5 stages in the design thinking process / R.F. Dam // The Interaction Design Foundation. – 2024. <https://www.interaction-design.org/literature/article/S-stages-in-the-design-thinking-process>

UDC 376.564

FROM THE HISTORY OF COMBATING CHILDHOOD ORPHANHOOD AND PREVENTING THEIR DEVIANT BEHAVIOR

Mukhtarova Sh.M., Academician E.A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Kazakhstan
Osanova M.A., University of the National Education Commission, Krakow, Poland

Orphanhood as a social phenomenon has deep historical roots. Attempts to resolve the problem of orphanhood were undertaken at different stages of human development. Many issues of this pressing problem are still being addressed today. This explains our interest in humanity's experience with the issue of orphanhood, which is closely related to the problem of deviant behavior. The study of the history of deviations from social norms in human communities at various stages of their development makes it possible to trace the evolution of social values, the development of cultural norms, and to identify interest in the problem of deviance in the works of thinkers and scholars of past centuries.

Deviant behavior has been a characteristic phenomenon of all socio-economic formations in which certain social norms were established. The founder of the scientific school of sociology of deviant behavior, the French scholar Durkheim (1994), in the 19th century substantiated in his works the existence of deviance as a social phenomenon inherent in all types of societies [1].

The analysis of the genesis of scientific interest of thinkers, philosophers, and classical pedagogues in the phenomenon of "deviant behavior" in the history of society makes it possible to trace how this understanding was formed, which scientific directions emerged, and how they developed into doctrines and theories about life, upbringing, and behavioral deviations. This contributes to the development of prospects for further study of the essence of the researched problem. To embrace the entire history of the emergence and development of ideas about deviant human behavior (since the sociology of deviance as a science was formed only in the 19th–20th centuries) is an "impossible task," as the outstanding Russian deviantologist Gilinsky (2004) once said. However, it is possible to trace the origins of ideas about the eternal problem of good and evil, virtuous and deviant human behavior through selected examples from philosophy and pedagogy, relying on the vast heritage of humankind. The essence of deviance, according to Gilinsky (2004), is expressed in behavioral